

Түгендеу карточкасының нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 484 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 қазанда № 12173 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларының 10-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған түгендеу карточкасының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (Э.К. Өтепов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б.Сұлтанов

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2015 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 484 бұйрығымен
бекітілген
Нысан

20__ жылғы "___" _____ мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру
актісі

бойынша есепке алуға қабылданған және _____ берілген
мүліктің

(заңды тұлғаның толық атауы/ жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
беру уақыты)

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 05.10.2022 № 1024 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ ____ түгендеу карточкасы

Заңды/жеке тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі ____

Заңды/жеке тұлғаның мекенжайы, телефоны _____

Заңды/жеке тұлғаның банктік деректемелері

Мүліктің атауы, оның сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Күні		Операцияның атауы, құжаттардың нөмірі және күні	Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі бойынша мүліктің саны	Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі бойынша мүліктің құны, теңге	Бағалаудан кейінгі құны, теңге
		Операцияны жазу	Операцияны жасау				
1	2	3	4	5	6	7	8

кестесінің жалғасы

Сатылған мүлік		Республикалық немесе коммуналдық мүліктің құрамына берілген мүлік		Балалар үйіне, қарттар және мүгедектігі бар адамдар үйлеріне, балабақшаларға, мектептерге, медициналық-әлеуметтік мекемелерге не арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге өтеусіз берілген мүлік		Жойылған мүлік		Сот мүліктің мемлекет меншігіне түсуіне негіз болған актінің күшін жойғанға (тиісті бөлігін өзгерткенге) байланысты қайтарылған мүлік	
Саны	Мүлікті сатудан бюджетке аударған сомасы, теңге	Саны	Мүліктің құны, теңге	Саны	Мүліктің құны, теңге	Саны	Мүліктің құны (мәлеметтер бар болса), теңге	Саны (мүлікті заттай қайтарған кезде)	Мүліктің құны немесе өткізуден алынған қаражат сомасы, теңге
9	10	11	12	13	14	15	16	17	18